

Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы "Мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмектер көрсету туралы" N 25-5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 25 ақпандағы N 27-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 6 сәуірде N 7-13-124 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 34-12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 24.12.2010 № 34-12 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7-баптарына сәйкес Шыңғырлау аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы "Мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмектер көрсету туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-13-120 тіркелген, 2010 жылғы 23 қаңтарында аудандық "Серпін" газетінде жарияланған) N 25-5 шешіміне төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

4 т а р м а ғ ы н а :

Жеңіс күніне - Ұлы Отан Соғысына қатысқандарға 50 000 теңге, Ұлы Отан Соғысының мүгедектеріне 50 000 теңге белгіленсін.

5 т а р м а ғ ы н а :

Туберкулез ауруымен ауыратын азаматтарға құжаттануға және қосымша тамақтануға жылына бір рет 6 ең төменгі есептік көрсеткіш мөлшерінде қаражат б ө л у б е л г і л е н с і н .

Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Г. Е. Жакиев

Аудандық мәслихат хатшысы

М. Ж. Малтиев